

**СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНДА ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН СЕРЖАНТ
ТҰРҒАНБАЕВ РАХМАНБЕК**

Советхан Амина Советханқызы

amina051199@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 4-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Г.К.Ерменбаева

«Тарих» пен «жады» ұғымдарының арасында айқын көрінетін байланыс бар. Р.Ж.Коллингвуд «Тарих идеясында» тарих пен жадтың айырмашылығы өткенге байланысты екенін еске түсірді - есте сақтау үшін, өткен қарапайым тарихта ол қазіргі сәттегі ойда пайда болады. Яғни, жады дегеніміз - қазіргі уақытта ағып жатқан ой, оның объектісі - өткеннің тәжірибесі [1]. Ағылшын тарихшысы және философы Дж.Тоштың айтуы бойынша «есте сақтау - бұл мәліметтер қоры және өткен өмірді түсінудің құралы» [2]. ХХ ғасырдың ұжымдық есте сақтау теориясының маңызды еңбектерінің біріне айналған және «ұжымдық есте сақтау» ұғымын енгізген «Есте сақтаудың әлеуметтік негіздері» пәнаралық еңбектің авторы бұл туралы, есте сақтау мен тарихтың айырмашылығы мәселесінде қатал. Тарих - нақты фактілер, объективті түрде зерттелген дереккөздер, есте сақтау - бұл қисынсыз нәрсе. Онда кезеңдерге бөлу жоқ, ал жадының өзі бір емес, оның бірнеше нұсқалары бар, ол сол немесе басқа адамдар болған көптеген топтардың болуымен анықталады, бұны ұмыту туралы айту арқылы баса көрсетеді, бұл өз кезегінде белгілі бір әлеуметтік топтардың жойылуынан туындайды [2]. Тарихшы П.Хаттон өзінің «Тарих - есте сақтау өнері» деген кітабында жазғанындай, Хальбвахс осылайша тарихқа деген позитивистік көзқарасты негіздеуге тырысады. Жад өткен мен қазіргі уақыттың ұқсастығын растайды, ал тарих олардың айырмашылықтарын белгілейді және оларды сыни арақашықтықтан бағалайды [2]. Тарихи жады туралы сауалнама жүргізу барысында, сауалнамаға қатысушылармен сұхбаттаса отырып, мынадай қорытынды шыққан болатын:

- кей адамдар әлі күнге дейін фильмдер көреді,
- ән тыңдайды,
- соғыс туралы кітаптар оқиды
- әңгімелесу, дискуссия жасау барысында (дегенмен, бұл көбінесе аға буын өкілдері арасындағы сауалнама).

Тарихи жады біз үшін, олардың ұрпақтары үшін олардың барлық күш-жігерін, табандылығын сақтауы керек.

Шығысқазақстандықтардың жауынгерлері барлық майдандарда болды, КСРО территориясын, Шығыс Еуропа елдерін азат етудегі, Жапонияның Квантун армиясын талқандаудағы барлық ірі шайқастарға қатысты. Фашистердің алғашқы шабуыл объектілері шекара бекеттері болды. Брест қамалының гарнизоны шабуылдарды шамамен 3 апта бойы тойтарыс берді. 100 жерлесіміз қорғауға қатысты. Олардың ұраны «Біз өлеміз, бірақ біз бас тартпаймыз!» болды. Ұлы Отан Соғысы жылдарында Шығыс Қазақстанның атынан соғысқа ат салысқан батырлардың бірі, Сталинград шайқасында ерлік көрсеткен ефрейтер, сержант - Тұрғанбаев Рахманбек. Ол 1921 жылы Семей облысы Үржар ауданы Қарамойыл ауылында дүниеге келген. 13 жасынан бастап «Красные горные орлы» колхозында еңбек етті. 1941 жылы майданға аттанып, 1943 жылы ауыр жарақатына байланысты елге оралады. Қарамойыл ауылынан 70 азамат соғысқа аттанды, соның бірі Тұрғанбаев Рахманбек. Ең бірінші Украина фронтына, одан кейін Сталинград майданына жіберілді. 1943 жылы Сталинград шайқасында өте ауыр жарақаттанып, Чита қаласындағы госпитальге жіберіледі. Госпитальден өмір бойғы

мүгедек анықтамасымен елге оралады. Осы майдандағы ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының ІІ,ІІІ дәрежелі ордендерімен, «Ерлік үшін», Германияны жеңгені үшін, ҰОС жеңіске 20,30,40,50 жылдық және ҰОС кезіндегі еңбек ерлігі үшін медальдармен марапатталды.

Үкімет кезінде Тұрғанбаев Рахманбектің еңбегі жоғары бағаланды. Еңбек жолындағы ерліктері үшін алған марапаттары:

1. Орден Ленина
2. Орден Знак Почета
3. Почетная грамота Президиума Верховного Совета СССР
4. Диплом Почета с записанием в Золотую книгу
5. Депутат Верховного Совета Каз.ССР
6. Медаль «За доблестный труд»
7. Почетная Грамота Министерства сельского хозяйства СССР
8. Почетные Грамоты Обкома партии,райкома партии
9. Медаль «За трудовую доблесть» Президиума Верховного совета СССР
10. Юбилейная медаль «За доблестный труд в ознаменовании 100-летия со дня рождения Ленина»
11. Лучший Чабан
12. Победитель Социалистического соревнования

Тұрғанбаев Рахманбектің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін алған марапаттары:

1. Орден Великой Отечественной войны ІІ,ІІІ степени
2. За победу над Германией
3. 20 лет Победы над Германией
4. За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. [3].

Үржар ауданының белгілі азаматы Р.Садуақасовтың «Тарихты танып біл» атты кітабында Тұрғанбаев Рахманбектің есімі жазылған,кітапта: «1921 жылы мамыр айында Қарамойыл ауылында дүниеге келген. 1941 жылы майданға аттанды. Әскери шені-ефрайтор,сержант. Сталинград майданына қатысқан. Соғыстағы ерлігі үшін ІІ,ІІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «За победу над Германией», «За доблестный труд Великой Отечественной Войне1941-1945 гг» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін «КГО» колхозында зейнеткерлікке дейін 54 жыл еңбек етті. Бейбіт өмірдегі еңбегі үшін «Ленин» орденімен, «Құрмет» белгісімен, «КСРО Жоғары Кеңесінің» құрмет грамотасымен,

Одан бөлек Үржар ауданының «Батырлар алеясында» есімі жазылған.Ол кісінің ерлігі туралы Ресейдің сайтында толығымен жазылған. Оған қоса Тұрғанбаев Рахманбек атаның атына Үржар ауданынан көше берілген. Ол туралы: «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы»1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2015 жылғы 29 қаңтардағы қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Үржар ауылдық округінің ШЕШТІ:

1. Үржар ауылындағы Будёний көшесінің атауы - Ұлы Отан соғысының ардагері «Рахманбек Тұрғанбаев» атындағы көшеге өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы Б.Ақтановаға жүктелсін.

3. Шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі»деп жазылады. Ол туралы «Уақыт тынысы» газетінің 3 бетінде қосымша жазылған [4].

«Менің атам - Тұрғанбаев Рахманбек ҰОС басталған кезде ең алғашқылардың бірі болып майданға аттанды.Сталинград түбіндегі шайқасқа жанының қасық қаны қалғанша ат салысты. Осы ерен ерліктері жайында республикалық газет беттерінде жарияланған,және де есімі алтын кітапқа енгізілген болатын. 54 жыл бойында красные горные орлы колхозында

еңбек етті. Өткенімізді ұмытпай, еліміз үшін жан аянбай тер төккен ата-әжелерімізді құрметтеу, еске алу – болашақ ұрпақ парызы. Атамыздың ісін жалғастырып, мен де Отаным қолымнан келгенше өз үлесімді қосамын, ертеңгі күнге үмітпен алға басамын», - деп Тұрғанбаев Рахманбек атасы жайлы жазған немересі Жәнібек Саятұлының «Есімі Алтын кітапқа жазылған атам жайлы бір үзік сыр» мақаласынан үзінді [5].

Тұрғанбаев Рахманбек туралы ерлігі, өшпес батырлығы туралы «Красное знамя» газетінде «Рассказ о коммунисте, кавалере Ордена Ленина Рахманбеке Тургамбаеве» жазылған. Мақала авторы В. Гофман 1970 жылдың ақпан айында жазған. Одан бөлек ол кісі жайлы аудандық, республикалық газет-журналдарда жарияланымдар шыққан [6]. Тұрғанбаев Рахманбек туралы келіні Маруан Карибаевнамен сұхбаттасу барысында толыққанды мағлұмат алдым, естелік әңгімелерін баяндап сұхбаттасу барысында бөлісті.

1943 жылы «Правда» газеті былай деп жазды: «Қазақ халқының ұлдары Қызыл Армияның қатарында қаһармандықпен соғысып жүр. Қазақтар майданда жақсы ұрысады, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай еңбек етуде, Қазақстан өзінің барлық байлығымен майданға қуатты тірек болып отыр. Гитлершілерді талқандайтын әрбір снарядта қазақ даласының, қазақ еңбегінің үлесі бар». Бұл кеңес үкіметінің қазақ халқына берген шынайы бағасы. Белгілі британдық тарихшы Александар Верг өзінің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» деген кітабында: «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан таныта білді. Тіпті Сталинградтың өзінде ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды» дегенді айтады. Қазақстандық жауынгерлер Шығыс Европаны фашистерден Азат ету соғысында ерлікпен шайқасып, Берлинге шабуыл жасады [7].

Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес- ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет. Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақ елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Ер есімі әрқашан-ел есінде сақталады!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Коллингвуд Р.Дж. Идея Истории. Автобиография. - М.: Наука, 1980. С. 280.
2. Хаттон П. История как искусство памяти. -СПб.: Владимир Даль, 2004. С. 191-208.
3. Тұрғанбаев Рахманбектің жеке қоры.
4. Садуақасов Р. Тарихты танып біл. - Үржар ауданы, 266
5. «Уақыт тынысы» газеті 56 «Есімі алтын кітапқа жазылған»// Уақыт тынысы, 10 қазан.
6. «Красное Знамя» газеті , «Первоклассный мастер овцеводства» // Красное знамя, 1970, 24 февраль.
7. «Правда» газеті